

ЦИТАТА ДНЯ

Серик КАНДЫКБАЕВ,

УПРАВЛЯЮЩИЙ ДИРЕКТОР – ДИРЕКТОР ФИЛИАЛА АО «НК «ҚТЖ» – «ЦЕНТР ТРАНСФОРМАЦИИ БИЗНЕСА»:

ВНЕДРЕНИЕ БЕЗБУМАЖНОЙ ТЕХНОЛОГИИ СУЩЕСТВЕННО УПРОСТИЛО ПРОЦЕДУРЫ ДЛЯ КЛИЕНТОВ И ОПТИМИЗИРОВАЛО БИЗНЕС-ПРОЦЕССЫ ОФОРМЛЕНИЯ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК. В РЕЗУЛЬТАТЕ ЗНАЧИТЕЛЬНО УМЕНЬШИЛСЯ СРОК ПОДАЧИ ЗАЯВОК НА ПЕРЕАДРЕСОВКУ – С ДВУХ ДНЕЙ ДО ОДНОГО ЧАСА, А ТАКЖЕ СОКРАТИЛСЯ ПРОЦЕСС ПЛАНИРОВАНИЯ ВО ВНУТРИРЕСПУБЛИКАНСКИХ ОТПРАВКАХ – С 11 ЧАСОВ ДО 5 МИНУТ

АҚПАРАТ

КОНТЕЙНЕР ЖӨНДЕУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ

Контейнерлік жүк тасымалдары жүкті жеткізудің неғұрлым ыңғайлы және экономикалық тиімді тәсілдерінің қатарына жатады. Алайда, контейнердің орташа қызмет ету мерзімі тек 15 жылды құрайды. Контейнерлерді уақтылы жөндеу және жаңғырту кезінде пайдалану кезеңін едәуір ұзартуға болады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «KTZ Express» АҚ контейнерлерді жөндеу қызметін жүзеге асырады. Осы ретте, «KTZ Express» «Контейнерлерді жөндеу бойынша мойындалған кәсіпорын ретінде күәлікке» ие Қазақстандағы жалғыз компания екенін атап өтер едік. Компания клиенттерге контейнерлердің қызмет ету мерзімін ұлғайту үшін сервистердің толық спектрі ұсынады, атап айтсақ, қаптаманың зақымдалуын жою, косметикалық ақауларды жою, геометрияны қалпына келтіру, есіктердің және бекіту элементтерінің жұмыс жағдайын қалпына келтіру, тозу дәрежесі жоғары кез келген бөлшектерді ауыстыру, коррозияға қарсы құрамдармен өңдеу және жүк модулін бояу, бекіту құрылғыларын жөндеу немесе толық ауыстыру және логотип басылған тапсырыс берушінің фирмалық түстеріне бояу.

Жөндеу жұмыстары Түркістан, Төрағам, Алматы, Ақсу-1 аймақтарында, тікелей контейнерлік шеберханаларда жүргізіледі. Жауапқа жұмысқа тәжірибелі өз ісінің шебер мамандары жұмылдырылған. Жоғары білімі мен біліктілігі ұштасқан мамандар клиентке контейнерді жөндеудің онтайлы нұсқасын таңдауға көмектесумен қатар бүкіл процесс барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жүргізілген жөндеу процестері бойынша барлық қажетті құжаттама мен есептілікті ұсынады.

Сөз реті келгенде айтпағымыз, отандық компаниялар өз контейнерлерін жөндеуге әлемдік логистикалық нарықтың ірі ойыншылары – Woorjin, Unico Logistics, Pantos, Rhenus, Intermodal Systems, Seo Joong, T-SERVIS ЛОГИСТИКА, TGL Kazakhstan сияқты компанияларға сенім білдіріп отыр.

Сұлугүл БАКЕСОВА

ЦИФРА НОМЕРА

ОБЪЕМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНЗИТА КОНТЕЙНЕРОВ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН ЗА 6 МЕСЯЦЕВ ТЕКУЩЕГО ГОДА СОСТАВИЛ

450,2

ТЫСЯЧИ ДФЭ

АКТУАЛЬНО

ЛИДИРУЮТ ЗЕРНО И УДОБРЕНИЯ

Перевозка зерна по железным дорогам Казахстана набирает обороты. По сети АО «НК «ҚТЖ» она превысила 4 миллиона тонн.

Асель ШАЙХИНОВА

По итогам июня текущего года погрузка зерна по сети АО «НК «ҚТЖ» составила 653 тысячи тонн, в том числе 446 тысяч – на экспорт. Также в национальной компании отметили рост перевозок минеральных удобрений в январе-июне – на 3,5% (до 1,9 млн тонн). При этом в июне данный показатель вырос на 22%.

В целом, по итогам первого полугодия эксплуатационный грузооборот АО «НК «ҚТЖ» достиг 111,8 миллиарда тонно-километров нетто, что выше уровня аналогичного периода прошлого года на 3,9%.

Как отмечают специалисты, росту экспорта значительно способствует то, что в последние годы ҚТЖ проведена большая работа по созданию условий для развития экспортных перевозок. Увеличены пропускные способности железнодорожных участков, логистической и терминальной инфраструктуры, использованы альтернативные пути отправки груза, внедрены новые технологии по перевозке пшеницы.

ҚТЖ освоены новые маршруты отправки зерна в контейнерах. В частности, по направлению Куркы – Алят (порт в Азербайджане) – Ахалкалаки – Карс (грузино-турецкий пограничный железнодорожный переход) – Мерсин (порт в Турции).

Перевозка зерна в контейнерах расширяет вариативность сервиса. В числе преимуществ



прежде всего – стабильности предоставления контейнеров вне зависимости от сезона, минимизация рисков повреждения груза. Данный способ перевозки также упрощает выход казахстанского зерна на зарубежные рынки. Отметим, Казахстан является одним из крупнейших в мире экспортеров зерна и муки и производит в среднем 18-20 миллионов тонн

этой продукции в год. Большая часть урожая уходит на экспорт.

По словам представителей Минсельхоза РК, прогноз на текущий маркетинговый год отличный: влага хорошая, семена качественные, поэтому урожай может быть даже выше, чем в прошлом году.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

СТАВКА - НА ИННОВАЦИИ

В 15 раз сократилось время согласования заявок ГУ-12 для грузоотправителей за счет автоматизации процесса в рамках АСУ ДКР.

Любовь РОББА

Проект «Внедрение безбумажной технологии оформления перевозочных документов в автоматизированной системе управления Договорная и коммерческая работа во внутриреспубликанском сообщении» (АСУ ДКР) является одним из предметов гордости программы «Цифровая трансформация», реализуемой в АО «НК «ҚТЖ».

В настоящее время в АСУ ДКР зарегистрировано 35000 клиентов, которые могут с любого места, где доступен Интернет,

заключать договора на перевозку, подавать электронные заявки для планов, оформлять и раскредитовать перевозку, а также заявки на переадресовку грузов.

Благодаря этому проекту в настоящее время во внутриреспубликанском сообщении процент среднесуточного оформления и раскредитования электронных перевозочных документов по безбумажной технологии составляет порядка 99% от общего числа перевозочных документов. Исключением являются лишь перевозки опасных грузов.

Кроме того, для удобства работы крупных грузоотправителей в АСУ ДКР реализован

функционал обмена электронными сообщениями, посредством которых перевозочный документ формируется автоматически. Следствием минимизации прямого контакта клиентов с работниками станции стало сокращение жалоб клиентов и устранение человеческого фактора, другими словами, уменьшились ошибки и опечатки при оформлении, а сама процедура стала прозрачной.

В результате время согласования заявок ГУ-12 для грузоотправителей сократилось с 11 часов до 5 минут (в 15 раз), а срок подачи заявок на переадресовку – с двух дней до одного часа.

СЕРВИС

КАРАНТИНДІК РЕЖІМ САҚТЫҚҚА ҮЙРЕТТІ

Елімізде індеттің беті қайтар емес. Екі апталық карантин тамызға дейін тағы созылды. Дәл осы кезде халық көп шоғырланатын қоғамдық орындар санитарлық шараларды күшейтіп, бұрынғыдан да қатаң қарауы маңызды. Әсіресе, бұл талап халық жөңкіліп жүретін теміржол вокзалдарына қатысты.

Жігер ӘШІМ,
Алматы

Қазір жаз мезгілі. Әдетте, бұл – адам жүрісі көбейетін уақыт. Алайда, бұрын ығы-жығы болып жататын теміржол вокзалы мен автобекетте әрі-бери сабылып жүрген жұрт жоқ. Себебі де белгілі, баяғыдай той тойлап, қидырыстайтын кез емес. Дегенмен, айналымды індеттен мейлінше сақтауымыз, қорғауымыз керек. Жұырда жолымыз түсіп Алматы-1 вокзалындағы санитарлық талаптарды қалай орындайлып жатқанын көзбен көрдік. Әуелі кіреберіс маңдайшасына ілінген Covid-19 індеті кезінде карантин талаптарын ескеруге қатысты ақпараттық жаднамамен таныстым. Вокзалға кірген сәтте алдыныздан тексеру дәлізі шығады. Онда сіздің сөмкеніңіз бен өзіңіз тексеруден өтесіз. Медициналық маска тағу міндет-

ті. Онсыз ішке енуге рұқсат жоқ. Қарсы алдыңызда, көпшілікке көрінетін жерде санитайзер тұр. Ал қолына тепловизор құралын ұстаған маман қызуыңызды өлшейді. Егер қызуыңыз көтеріліп тұрса, ішке кіруге рұқсат жоқ. Сол жердегі медициналық пунктке жібереді немесе өз дәрігеріңізге хабарласуыңыз керек. Айтпақшы, қауіпсіздік ережелері бойынша вокзалға тек қолында билеті бар жолаушылар ғана кіре алады, шығарып салушылар ішке жіберілмейді. Бұл бас санитар бекіткен алгоритмде бекітілген.

Бұл індет біздің елді де сырт айнамайтын әу бастан белгілі болды. Құн тәртібіне бұрын-соңды болмаған жаңа ережелер енді. Өмір сүру құндылығы да өзгерді. Адаммен қарым-қатынас жасау кезінде де сақтық шарасына бағынатын болдық. Онсыз таралу қарқыны тез вирусты ауыздықтау мүмкін емес. Міне, дәл



осы жаңа ереже теміржол вокзалын бұрынғыдан да тазалыққа, тәртіпке келтіргені байқалады. Санитарлық талапқа сәйкес, бірнеше еден жуушы күту залын залалсыздандыру үшін сәт сайын ылғалды сумен сүртіп жүр. Маска таққан жолаушылар арақашықтықты сақтап, билет алуға кезекте тұр. Ол үшін арнайы жолақтар да көрсетілген. Билет сатуын кассалар кесте бойынша таңғы сағат 9-дан түнгі 12-ге дейін жұмыс істейді. Билет алатындар үшін кіретін жеке есік қарастырылған. Біз әңгімеге тартқан Қайрат есімді азамат Семей қаласына билет алуға келгенін айтады. «Негізі қазір карантин уақыты. Қоғамға зиянымызды тигізбес үшін үйде отыру керек. Семейге құжат мәселесі бойынша шұғыл баруыма тура келді. Құдай «Сақтансаң – сақтаймын» дейді ғой, өзім барынша сақтық шарасын ұстанамын. Вокзал ішіндегі санитарлық талап та көңілімнен

шықты. Әрине, опыр-топыр жолаушы жоқ. Дегенмен, біздің халық маска тағуға, арақашықтық сақтап, кезек күтуге үйреніп қалғаны да байқалады», – дейді ол.

Бір қызығы, бұл індет вокзал есігінің алдынан «Билет керек пе?» деп күтіп алатын алыпсатарлардың да жұмысын тоқтатқан сияқты. Себебі, қазір қала арасына қатынайтын пойыздардың да толық құрамы жүріп жатқан жоқ. Кейбір пойыздар қысқарды. Біреуі жүрсе, екіншісі уақытша тоқтап тұр. Оның үстіне халық та онлайн өмірге үйреніп қалды. Билетті де интернеттен сатып алуға әдеттенпелі келеді. Сондықтан бұдан былай алыпсатарлардың қызметіне нүкте қойылуы әбден мүмкін.

Қысқасы, біз Алматы-1 вокзалының санитарлық талаптарын, жолаушыларға көрсетілген қызмет сапасын сырттай бақылап, іштей риза болдық. Халық карантиндік

СОТРУДНИЧЕСТВО

КУРС НА РАЗВИТИЕ

15 июля текущего года руководитель АО «KTZ Express» Дмитрий Абдуллаев принял участие в Международном онлайн-бизнес-форуме «Развитие евразийских мультимодальных перевозок в новой экономической парадигме». Организатором мероприятия выступил Международный координационный совет по трансевразийским перевозкам совместно с Beijing North Star Events Group и Chengdu Municipal Port and Logistics Office.

В бизнес-форуме приняли участие более двухсот человек – уполномоченных представителей железных дорог и транспортно-логистических компаний из стран Азии, Европы и СНГ. В ходе дискуссий они обсудили вопросы, связанные с реализацией потенциала мультимодальных перевозок в сообщении Китай – Европа, взаимодействием железных дорог и морских портов, развитием перевозок на Дальнем Востоке в условиях восстановления экономики после карантинных мероприятий, связанных с пандемией Covid-19.

В ходе заседания руководитель АО «KTZ Express» рассказал о транзитных возможностях Казахстана и благоприятных условиях, созданных для грузоотправителей на маршрутах через территорию страны.

– На сегодняшний день нами созданы онлайн-продукты для комфортного взаимодействия с клиентами в условиях пандемии и соблюдены все условия для принятия и обслуживания грузоотправителей с обеспечением комплексного сервиса и соблюдения санитарных норм, – подчеркнул Дмитрий Абдуллаев.

Руслан РАХМЕТОВ

На момент оформления клиент сразу видит стоимость перевозки, к тому же в АСУ ДКР реализована автоматическая калькуляция стоимости пользования вагонами АО «Қазтеміртранс».

К слову, в 2019 году только за счет автоматизации в АСУ ДКР процесса передачи разрешающих телеграмм на погрузку в вагоны АО «Қазтеміртранс» удалось сэкономить около 10 миллионов тенге. Также за счет автоматизации передачи телеграмм были исключены случаи их подделок, бытовой коррупции, недополучения прибыли компанией и увеличения дебиторской задолженности клиентов.

Стоит отметить, что оформление по безбумажной технологии перевозочных документов в экспортном и импортном сообщениях налажено с Российской Федерацией – посредством протокола взаимодействия электронного обмена сообщениями IFTMIN. Электронные перевозочные документы, оформленные в АСУ ДКР, успешно передаются в ОАО «РЖД».

режимге бойұсынған.

Тағы да мәліметке қаныға түсу үшін Алматы-1 вокзалының инженері Дулат Жамаловқа жолығып, сөзге тарттық.

Оның айтуынша, «Covid-19 індетінен сақтану үшін Алматы-1 вокзалында жолаушыларды антисептик құралдарымен қамтамасыз ету үшін арнайы жауапты тұлға бекітілген. Залалсыздандыру құралы күту залында, дәретханаларда, дәліздерде ілінген. Қалаға келген және қаладан шығатын жолаушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түспес үшін бөлек есіктер де қарастырылыпты. Вокзалдағы барлық қызметкерлер медициналық маска және қолғаппен қамтылған. Оны жұмыс орында тағу міндетті. Сондай-ақ, қызметкердің бәрі ауысымнан кейін медициналық қаралымнан өтеді екен. Қазіргі кезде вокзал арнайы күзет агенттігімен келісімге келген. Олар вокзалға келген жолаушының қызуын термометрмен өлшеу жұмысын мойнына алса, вокзалды дезинфекциялау мен тазалығына «Д-Сервис» ЖШС клинингтік компаниясы жауап береді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы арбалар бар. Оларды пойызға отырғызып жіберуге және күтіп алуға да жағдай жасалған. Бүгінде вокзалдың дәл осы жандарға арналған дәретханасы кеңейтіліп жатқан көрінеді. Бұған қарап, біздің қоғам әр адамның орын бағалау құндылығын біртіндеп бойға сіңіруді үйрене бастаған екен деп қуандық.

Суретті түсірген автор

ЖАҢАЛЫҚТАР

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ –
ВОКЗАЛ БАСШЫСЫ

Аудандық өңірлік коммуникациялар орталығы арқылы Шалқар станциясы вокзалының басшысы онлайн брифинг берді. Қызғалдақ Омарова тікелей эфир арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрғындар сауалына жауап берді.

Шалқар ауданы әкімдігінің Instagram желісіндегі ресми shalkar_akimat парақшасы арқылы вокзал басшысы тұрғындарды сақтық шараларын сақтауға шақырды.

Басшы вокзалда бүгінгі күні жалғалып жатқан жұмыстар туралы да мәлімет беріп кетті. Қазіргі күні станция арқылы тек төрт пойыз ғана жүріп жатыр. Аймақта «Шалқар-Ақтөбе», «Ақтөбе-Алматы», «Ақтөбе-Алматы», «Орал-Алматы» жолаушылар пойыздарының ғана қатынасы тоқтаған жоқ.

Ал «Алматы-Маңғыстау», «Маңғыстау-Алматы», «Атырау-Алматы», «Алматы-Атырау» жолаушы пойыздары және қалааралық «Шалқар-Сексеуіл», «Сексеуіл-Шалқар», «Шалқар-Жем», «Жем-Шалқар» бағытындағы пойыздар уақытша тоқтатылған.

«Өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда елімізде «COVID-19» инфекциясына қарсы жаппай қатаң күрес жүріп жатыр. Осыған байланысты қауіпсіздік аса маңызды. Қызметкерлердің барлығы қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілген. Жолаушылардан да бетпердемен жүру талап етіледі. Елімізде жарияланған төтенше жағдай кезінде ғана вокзалға шығарып салушылардың кіруіне тыйым салынды. Қазіргі уақытта вокзалдың барлық есіктері ашық, бірақ сақтық шараларын қатаң сақтау әр азаматтың борышы болу керек», – деді Қызғалдақ Омарова.

Тұрғындар тікелей эфирде пойыз қозғалысына қатысты сұрақтарды көп қойды.

Сонымен қатар, пойызға кірген жолаушылардың дене қызуы өлшеніп, санитарлық талаптардың қатаң сақталатыны айтылды. «Қазіргі жағдайға түсіністікпен қараған абзал. Әр адам барынша сақтанып, бетперде киіп жүргенде ғана уақытша дүрбелең басылады. Жақымымызға жанаушы болып, мүмкіндігінше үйден шықпаған дұрыс. Ал пойыздың жүру кестесіне қатысты ақпаратты «105» және «61-2-83» телефон нөмірлері арқылы алыңыздар», – деді вокзал басшысы.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ЖОСПАРЛЫ
ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ

Қазір Маңғыстауда қолданыстағы тепловоздардың дені 2ТЭ10МК сериялы ескі тепловоздар. 2002-2004 жылдары бұл локомотивтер америкалық Джерал Электрик компаниясының электрқозғалтқыштары мен аппаратураларымен модернизациядан өткен. Сондықтан оның қосалқы бөлшектеріне тапшылық бар.

Бірақ соған қарамастан, жөндемей, жүрмей қалып жатқан тепловоз жоқ. «Ат тапқанша тай міне тұр!» дегендей, жөндеу деполарының тапқырлығымен «америкалық» болмаса да қажетті қосалқы бөлшектер салынып, жұмыс жалғасуда.

Бүгінде локомотив деполарында тепловоздарға қосалқы бөлшектердің уақыттылы келмеуі проблема болып тұр. Аталған жағдай Қазақстанның барлық деполарында өзекті мәселенің бірі деуге болады. Себебі қазір біз қолданып жүрген 40 тепловоз осы 2ТЭ10МК сериялы тепловоздар болғандықтан қосалқы бөлшектері де сол жақтан алынады. Оның жеткізілуіне ұзақ уақыт кетеді. Дегенмен оны күтіп, жұмысты тоқтатып қойғанымыз жоқ. Жоқтан бар жасап, істен шыққан қосалқы бөлшектерді бірінен бірине салып, жамап-жасап, тығырықтан шығып жатырмыз. Тежегіш жүйесінің бөлшектері, машинистерге қажетті шынтақ қойғыштар, орындық, маңдайалды терезе тазалағыштар сияқтылардың жарасы жеңіл, өзіміз жасап жатырмыз, – деген Маңғыстау локомотив депосының жөндеуді бақылау бөлімі бастығы Сәбит Зияев тепловоздардың негізі көп істен шығатын бөлшектері тартым электр қозғалтқышы, моторлы біліктік мойынтіректер екенін айтады. Жөндеуді бақылау бөлімінің күшімен өткен жарты жыл ішінде СО-1 жөндеуін 43, СО-2 жөндеуін 48, СО-3 жөндеуін 29, СО-4 жөндеуін 6, СО-5 жөндеуін 7 тепловозға жүргізген. Бұл жерде СО-1-де ең төменгі жөндеу, яғни май, су құю секілді, жеңіл желпі техникалық шаруалар болса, әрі қарай жоғарылаған сайын жұмыс та күрделене түседі.

Қазіргі пандемия, карантин жағдайына байланысты жөндеуді бақылау бөлімінің инженер-технологтары қашықтан жұмыс істеуде. Жұмыс барысы қашықтан басқарылуына қарамастан алға қойылған жоспарлар орындалуда. Тепловоздарға жүргізілуі керек жөндеу түрлері бойынша барлық жұмыс атқарылып жатыр. Бір ғана маусым айында СО-1 жөндеуі 12, СО-2 жөндеуі 8, СО-3 жөндеуі 5, СО-4 жөндеуі 2 тепловозға жүргізілді. Бұл жерде айта кететін нәрсе, тепловоздың жүрісі 21600 шақырымнан асқасын жөндеу түрлері бойынша ағатылады. Бүгінде депода барлығы 55 тепловоз бар. Сол тепловоздардың дер кезде жөнделіп, жұмысқа сай тұруы біздің мойнымызда. Қазір бөлімде жетекші инженер, бірінші санатты инженер технолог, инженер технолог, техник есепші бар менімен 5 адам жұмыс істеудеміз, – дейді Сәбит Зияев.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК

БУКСТЫҢ ЖЫЛЖУЫ – АСА ҚАУІПТІ АҚАУ

Маңғыстаулық 6-шы разрядты вагон қараушы Ерболат Сабитаев жақында жүк вагонынан қауіпті ақауды анықтап, апаттың алдын алды. Ақаулардың ішінде букстың жылжып кетуі өте қауіпті саналады.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Бұл ақауды теміржолда 20 жылдық тәжірибесі бар маман түнгі ауысымда кезекті пойыз құрамын тексеруге шыққанда анықтаған. Іле станциясынан шығып, Ақтау теңіз портына бет алған жүк пойызы Маңғыстау станциясына таңғы 4-5-терде келіп тоқтаған еді. Ерболат Сабитаев әріптесімен бірге әдеттегідей вагондарды екі жағынан барлық позиция бойынша

тексеруге кіріскен.

– Сол позициялардың бірі – үңіліп қарау. Сол сияқты балғамен ұрып қарау, автотәзімдік тексеру және тағы басқа позициялар бар. Букс ақауын үңіліп қарау арқылы табасын. Шам жарығын түсіріп, мұқият қарағанда букстың жылжып кетуі байқалды. Букс жылжып кетуі «холодное состояние» деген жағдайда тұр екен. Бұл – өте қауіпті ақау. Солай кете берсе, құрам апатқа ұшырауы мүмкін еді. Жалпы менің қызметтік

тәжірибемде кішігірім ақаулар көп кездесті. 20 жыл деген оңай ма?! – дейді кәнігі вагон қараушы.

Ерболат Сабитаевтың еңбек жолы 1996 жылы өзі туған көрші елдегі теміржолдан басталған. Ел теміржолындағы қызметін Қазақстанға көшіп келгені 2008 жылы осы Маңғыстау вагон пайдалану депосында слесарь болып бастады. Сосын тәжірибе жинай келе вагон қараушы болды. Әкесі де теміржолда 30 жылдай еңбек еткен, ағасының балалары да темір жолда. Қазір өзінің ұлы да темір жол саласында білім алып, әке жолын жалғастырмақ. Осылайша әзірге теміржолшылар династиясының жалпы еңбек өтілі жарты ғасырдан енді асса да, болашақта жалғасын табары сөзсіз. Ерболат қазіргі таңда сұрттай оқып, темір жол саласында білімін арттыруда. Бұған дейін де мекеме



тарапынан 3-6 айлық курстарды оқып, вагон шаруашылығына қажет білім алып жүр. Бірақ, керек тастың артықтығы жоқ демекші, білімнің де артықтығы жоқ дейді ол. Салаға еңбек сіңіргені үшін «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен екі рет марапатталған.

– Ұжымда 120-дай адам бар. Әрқайсысының өзінің атқаратын қызметі белгілі. Әркім өз тәсілімен, өз тәжірибесімен, бірақ

ортақ тәртіпке, ережеге бағына отырып жұмыс істейді. Бытырмен салыстырғанда биыл ақаулықтар көп табылды. Ерболат Сабитаев анықтаған букстың жылжыуы – аса қауіпті ақау.

Ол – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, жұмысында кемшілігі болмайтын мамандардың бірі. Төтенше жағдайға қарамастан қозғалыс қауіпсіздігін сақтау үшін жұмыс жүргізудеміз. Карантин режимін сақтау мақсатында жеделхаттар, нұсқаулықтар, бұйрықтарды ватсап желісі арқылы таныстырып отырамыз. Индетті таратпау үшін қызметкерлер бірге көп шоғырланбайды. Жиналыстарды арақашықтықты сақтай отырып далада өткіземіз. Ауысым басында және аяғында қызу өлшеуін аппаратпен температура міндетті түрде өлшенеді. Ауырып қалғандар да болды. Бірақ бәрі де жазылып шықты. Жұмысты тоқтатқан жоқпыз, – дейді вагон депосының Маңғыстау ТҚКК бастығы Ерболат Сәулебаев.

Суретті түсірген автор

АЙМАҚ

ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ КЕМІГЕН ЖОҚ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың жарты жылында тасымал көлемі кеміген жоқ. Оған экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өңірдегі мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемінің өлемді шарпыған коронавирусқа қарамастан қалыпты деңгейде болуы әсер етуде.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Әйтсе де, осы кезеңде ресурстастаушылардан қара мұнай өнімдеріне деген тапсырыс бұрынғыға қарағанда кеміген. Әуелі тапсырыс беріп алады да, кейін одан тайқып немесе белгілі бір бөлігін ғана тиейді. Мәселен, «Теңізшевройл» ЖШС 2723 вагон, 95305 тонна пропан-бутан және 3443 вагон, 227238 тонна химикаттар, «Батыс Транс Групп» ЖШС 3151 вагон, 185909 тонна мұнай өнімдері мен 94 вагон, 5546 тонна химикат, «Сұйытылған газды сақтау паркі» ЖШС 519 вагон, 17127 тонна сұйытылған газ, «Теңіз Көлік Компаниясы» ЖШС 420 вагон, 24780 тонна күкіртті жібере алмаған. Себебі, 16 наурыз бен 7 сәуір аралығында «Атырау мұнай өңдеу зауытының» ашық мұнай өңдеу қондырғысы жоспарлы жөндеуге тұрса, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясының газ тазалау қондырғысы 20 мамырдан маусым айының соңына дейін жөндеуге тұрып қалды.

Төлемге қабілетсіз сатып алушылар тарапынан мазут, кокс, автобензинге сұраныс кемігеннен олар да тиелмей қалды. Осылардың салдарынан бөлімшенің техникалық жоспары бойынша жүк тиеу көлемі 122,2 мың тоннаға кеміп, жоспар 97,7 пайызды құрады. Дегенмен, жоспар бойынша бұл көрсеткіш 101,6 процентті құрап отыр. Яғни, жалпы тасымал

көлемі тұрақты деуге болады.

Алты айда техникалық жоспарға сай негізгі 11 көрсеткіш 100 пайыздан аса орындалған. Яғни, пайдаланым жүк айналымы 4664 млн.т-км-етто болып, 101,2%-ды құрады. Жүк тиеу көлемі 5278,8 мың тонна болып, орындалуы – 97,7 пайыз. Пайдаланым жүк айналымымен қоса, жұмыс вагонының айналымы 97%, жергілікті вагон айналымы 101,2%, ал жүк вагонының өнімділігі 99,8%, тиелген вагонның динамикалық салмағы 101,3, вагонның орташа тәуліктік жүрісі 102,1%, вагонның статистикалық салмағы 101,1%, жүк пойызының орташа салмағы 3998 тоннабрутто, яғни 101,1, локомотив жүрісі 101,7% болып, алты айда аймақта жүк тасымалы қалыпты болғанын көрсетті. Бір техникалық станцияда вагондардың тұруы 96,5 пайызды құрады. Вагондардың орташа тәуліктік жүрісінің азаюы жүк және бос вагондардың қысқаруынан, транзитті вагондардың азаюынан орын алған. Пойыздар қозғалысының орташа үлесі және техникалық жылдамдығының кемуіне кейбір учаскелерде жылдамдықты шектеуге ескерту берілгендігі, Мақат, Сағыз түйіспесі бойынша пойыздардың көбейіп кетуі (тәулігіне 13 пойыз орнына 14 пойыздан, ал кей күндері 19 пойыздан келген) себеп болып, аралық станцияларда пойыздардың тұрып қалуына алып келді. Мақат, Сағыз станцияларында жүк операциясына келген вагондардың тұрып қалуы, жиналуын күту, ло-

комотивтерді жалғау жұмыстары да учаскелік жылдамдықтың төмендеуіне әсер етті. Алайда, жалпы алғанда өңірде жүк айналымы жақсы қарқында келеді.

Ал негізгі 10 көрсеткіш жоспарға сай орындалған. Пайдаланым жүк айналымы 4664 млн.т-км-етто болып, 100,6%-ды құрады. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Темірхан Аманқұловтың айтуынша, жүк тиеу көлемі 5273,8 мың тонна болып, орындалуы 101,6 пайыз болды, жүк вагондарының айналымы 99,4%, пойыздың орташа салмағы 3998 тнбрутто, 100,8%, пойыздар қозғалысының учаскелік жылдамдығы 101,4%, сол секілді басқа көрсеткіштер де жоғары. Қазіргідей елдегі төтенше жағдайға, әлемдік нарықтағы доллар, мұнайдағы баға өзгерістеріне қарамастан тасымал тасқынының қалыпты деңгейі сақталуын жақсы ырымға балауға болады. Жалпы, өңірде ірі инновациялық жобалардың жүзеге асырылуымен қатар, құрылыс қарқыны да жоғары: «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша республикалық Атырау-Астрахан-Ақтөбе жолы салынууда, осы бағдарлама аясында Береке, Балықшы, Талғайраң ықшам аудандарында, қаланың басқа бөліктерінде де көп қабатты тұрғын үйлер көптеп салынып жатыр, оған қажетті материалдар, әрине, темір жол арқылы жеткізіледі. Сондай-ақ мұнай өнімдері де үзіліссіз тасымалданып отыр.

Суретті түсірген автор

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

ТОЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ САПЫНДА

Былтыр 24 маусым күні Арыстағы әскери бөлімнің оқ-дәрі қоймасынан шыққан жарылысты ешкім ұмыта қойған жоқ. Таңертең басталған дүрбелең екі-үш күнге созылды. Жергілікті халық ары-бері зулап ұшқан снарядтардан қорқып, жансауғалап жан-жаққа қарай қаша бастады. Ал осы кезде, керісінше, жарылыстың салдарынан болған өртті сөндіру үшін Қазақстан теміржолына қарасты өрт сөндіру пойыздары Арысқа қарай жөнкіліп бара жатты...

Жанса СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Солардың ішінде апат орнына алдымен жеткен Шымкент, Арыс, Түркістан өрт сөндіру пойыздары болды. Осы үш пойыз былтырғы Арыс қаласындағы жарылыста өрт шыққан ғимараттарды сөндіруге атсалысып, орасан зор шығынның алдын алды.

Шымкент мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі басшысының орынбасары Асхат Даберовтың айтуынша, жалпы, теміржолдағы өрт сөндірушілер қызметіне 2017 жылы 100 жыл толған екен. Қазіргі таңда Шымкент өрт сөндіру пойы-



зы қызметінде 43 адам еңбек етеді. Мекеме Арыс-Шымкент, Түркістан-Шымкент және Түлкібас, Арыс-Сарыағашқа дейінгі аралыққа қызмет көрсетеді.

Өрт сөндіру пойызының сыйымдылығы – 100 тонна су, яғни 2 цистернасы бар, әрқайсысы 50 тоннадан. Сонымен қатар 5 тонна көбік болады және 1 ЗИЛ көлігі бар. Көпіршікті мұнай нысанда-

рынан шыққан ірі өртті сөндіруге қолданады.

«Бытыр Арыс қаласында жарылыс болған кезде ҚТЖ-ның үш пойызы да өрт сөндіруге көмекке барды. Біздің жасақтан 11 адам барды. Шымкент өрт сөндіру пойызы Бадам станциясында тұрдық, Түркістанның пойызы Темір станциясында тұрды. Су жетпей қалған кезде көмекке келдік.

Жалпы, ең ірі өрт 2017 жылы Мәнкенттегі мұнай газ өткелінде шыққан болатын. Соңғы ірі өрт былтыр Арыста болды. Ал былайынша біз ҚТЖ қызметінде болғаннан кейін жылжымалы құрамдарда кішігірім түрлі оқиғалар болып жатады. Пойыздар, электровоздар, цистерналар жанады, соларды сөндіреміз, дала өрті деген тағы бар. Биылдыққа 2020 жылы бір ғана өрт болды, электровоздан шыққан өртті сөндіруге атсалыстық», – деді Асхат Даберов.

Қазір коронавируске байланысты барлық жерде жұмыстар қызу жүріп жатқан жоқ. Кейбірі уақытша тоқтап тұрса, кейбірі жарым-жартылай жұмысын жүргізіп жатыр. Осыған байланысты өрт сөндіру қызметінің кейбір жасы 55-тен асқан жұмысшылары қашықтан жұмыс істеуге көшірілген. Жұмыста тазалық

пен гигиена сақталуы назарға алынып, маскалық режим, санитаризерлер орнатылған.

Өрт сөндірушілер негізі тоқсан сайын бір рет оқу-жаттығу өткізіп тұруы тиіс. Алайда, карантинге байланысты Арыс, Шымкент пойыздары екі оқу-жаттығу ғана өткізсе, Түркістан бір ғана оқу-жаттығу өткізді. «Мұның бәрі де карантинге байланысты тоқтап тұр. Керек десеңіз, нысандарды тексеру тоқтап тұр. Негізі жылына әр пойызға 4 реттен 12 оқу-жаттығу өтетін және қосымша қалалық өрт сөндіру қызметімен бірлесіп тағы бір оқу-жаттығу өткізетінбіз. Ол үлкен ауқымда өтіп, оған қалалық полиция, дәрігерлер қызметі мен өрт сөндірушілер қатысатын», – дейді Асхат Даберов.

Өрт сөндіру қызметі – өте қауіпті мамандық. Мұндағы әрбір адам тәуекелге бел бауатыны жасырын емес. «Біз жұмысқа теміржол мамандығын оқыған адамды аламыз. Себебі, сала жұмысынан хабары болуы керек. Бірақ қазір өзіңіз білесіз, жұмысқа алу туралы мораторий бар. Тек вакансия арқылы кіреді. Сондықтан біздің әрбір жұмысшымыз тәжірибелі, білікті маман», – дейді А.Даберов.

Өрт қауіпсіздік шараларын пысықтау үшін жылына екі мәрте көктемгі және күзгі комиссия өткізіліп тұрады. Ал қалған уақытта әр станцияның инспекторы бір айдың ішінде оннан аса объектінің өрт қауіпсіздік шараларын тексеріп тұрады. Асхат Даберовтың айтуынша, бүгінде оңтүстікте аптап ыстық. 40-45 градусқа кез келген жерден өрт қауіпі бүрк ете қалуы мүмкін. Сондықтан өрт қызметі толықтай дайындық сапында, бес қаруын сайлап, кез келген жерге аттанып кетуге дайын тұр.

Суреттерді түсірген автор

БЕЗОПАСНОСТЬ

IT-ТЕХНОЛОГИИ В ОБЛАСТИ ОХРАНЫ ТРУДА

АО «НК «Қазақстан темір жолы» активно реализует программу цифровой трансформации бизнеса. В ее рамках проводятся глубокое внедрение IT-технологий в области охраны труда и безопасности, промышленной и экологической безопасности. Особенно это актуально сегодня, в условиях пандемии коронавирусной инфекции.

Асель ШАЙХЫНОВА

По словам специалистов, один из ключевых проектов трансформации – по производственной безопасности – показал высокий уровень готовности к изменениям и адаптации к нынешним условиям. В результате его внедрения каждый сотрудник компании может установить мобильное приложение, где проводить открытые поведенческие диалоги безопасности и делиться информацией о ситуациях, которые могут сказаться на здоровье или нормальной работе. Мобильное приложение работает во благо сотрудников и отвечает нынешним реалиям, когда важно работать в онлайн-формате.

Кроме того, введен модуль «Внутренний контроль». Сейчас цифровизация процесса «Внутренний контроль» вышла на новый уровень. Выгоды от проекта неоспоримы. Среди них – исключение ручного ввода, управление бумажными записями и фото (документальными свидетельствами), значительное снижение трудозатрат на поиск и передачу информации (в считанные минуты вместо недели), повышение качества исходных данных о нарушениях, устранение риска потери физических записей, двойного ввода данных (на бумажных носителях и электронных), контроль за устранением выявленных нарушений в ходе проверок, инспекций, аудитов.

Кроме того, такая система обеспечивает более качественное выявление рисков и опасностей, расширение периметра охвата несоответствий.

В активной разработке находится модуль «Экологическая безопасность». Внедрение интегрированной информационной системы управления выбросами загрязняющих веществ даст возможность проведения точных расчетов, исключения рисков штрафных санкций, снижения влияния человеческого фактора, экономии времени, экологических платежей на 10-15%.

Также в компании приступили к автоматизации процесса «Управление происшествиями», где будет реализовано первичное сообщение

о происшествии, автоматический запуск «Молнии» с освещением инцидента, в целях оперативного реагирования в аналогичных структурных подразделениях и далее фиксации всех шагов процесса с автоматической генерацией акта расследования. По завершению расследования в системе будет формироваться Бюллетень с извлеченными уроками и коренными причинами случившегося инцидента.

Кроме того, в скором времени будут оцифрованы процессы управления ЧС и аттестация производственных объектов по условиям труда.

